

ҒЫЛЫМ – КЕЛЕШЕККЕ БАСТАР ЖОЛ

5-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



КӨЛСАЙҒА ЖОЛЫҢ ТҮССЕ...

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



«АСТАНА ОПЕРАНЫҢ» АСУЫ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Бала өз тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

№88
(4832)
Сейсенбі
29 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДАДА 15 ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Жаңа оқу жылында Астана қаласында 15 жаңа мектеп ашу жоспарланып отыр. Оның ішінде 7 оқу орны Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынып жатқан «Келешек мектептері» болмақ.

2



1 тамыз күні «Астана Арена» стадионында әлемге әйгілі американдық әнші Jennifer Lopez өзінің «Up all night» атты әлемдік туры аясында өнер көрсетеді деп хабарлады Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.

Ауқымды концерттің өтуіне байланысты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қонақтардың ыңғайлы келіп-кетуі мен қозғалысын ұйымдастыру мақсатында «Астана Арена» стадионы маңындағы «Алау» мұз сарайы мен «Сарыарқа» велотрегі жағынан автокөлік қозғалысы уақытша шектеледі. Көлікті келесі орындарға қоюға болады: «Алау» мұз сарайы, «Барыс Арена» мұз айдыны, «Сарыарқа» велотрегі, Ботаникалық бақ (Бұқар жырау және Орынбор көшелері жағынан), Керей мен Жәнібек хандар көшесі және басқа да тұрақ орындары. Концертке келушілердің ыңғайлығы үшін қала бойынша 5 орыннан «Астана Арена» стадионына және кері бағытта арнайы шаттл-бастар қатынайды: Астаналық цирк тұрағы; «Әзірет Сұлтан» мешітінің тұрағы; «Qazaqstan» спорт кешенінің тұрағы; Тұран даңғылы жағынан Орталық саябақтың тұрағы; «Бас мешіт» тұрағы. Шаттл-бастар концерт басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін екі бағытта қатынайды. Кептелістер мен тұрақ мәселесіне тап болмас үшін фестиваль көрермендері қоғамдық көлікпен қатынағаны жөн.

АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРІЛЕДІ

Бас қалада қосымша білім беру саласында ваучерлік қаржыландыру жүйесін енгізуге бағытталған qosymsha.kz қанатқақты жобасы іске қосылды.

Консультация беру пункттерінде жаңа цифрлық платформаны пайдалану тәртібі мен кезеңі туралы тегін кеңес беріледі. Ата-аналардың ыңғайлылығы үшін олар сенбі-жексенбі күндері де жұмыс істейді. Консультация беру пункттері мына мекенжайларда орналасқан:

Алматы ауданы – әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы (Б.Момышұлы даңғылы, 5);

Байқоңыр ауданы – №1 өнер мектебі (Абай даңғылы, 74), №3 балалар музыка мектебі (Б.Бейсекбаев көшесі, 3);

Есіл ауданы – №2 өнер мектебі (Достық көшесі, 13);

Нұра ауданы – №85 мектеп-лицей (Қабанбай батыр даңғылы, 56);

Сарыарқа ауданы – Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы (Ә.Мәмбетов көшесі, 1);

Сарайшық ауданы – №83 мектеп-гимназия (А.Байтұрсынұлы көшесі, 35).




ҚАНША ОҚУШЫ ДЕМАЛДЫ?

Жазғы каникул басталғалы бері 200 мыңға жуық астаналық оқушы жазғы демалыс лагерлерінде болды.

Бүгінгі таңда қала оқушылары үшін лагерлердегі демалыстың үшінші ауысымы өз жұмысын бастады. Биыл Астана қаласының оқушылары үшін айрықша жаңалық орын алды. Атап айтқанда, Ақмола облысы Аққөл ауданы аумағындағы орман ортасында орналасқан «Барап» балалар спорттық-сауықтыру орталығы ашылды. Демалыс орнында 1400-ден аса оқушы демалуға мүмкіндік алады.

3



№88 (4832) 29/07/2025 Сейсенбі



ЕЛОРДАДА 15 ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекпен және Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевпен бірге «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бірқатар құрылыс алаңын аралап көрді.

Бұл сапардың мақсаты – білім беру саласындағы үш ауысымды оқытуды және мектептердің шамадан тыс толып кетуін жоюға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Келешек мектептері» жобасының жүзеге асу барысымен танысу.

Инспекциялық сапар аясында делегация шілде-тамыз айларында құрылысы аяқталатын 5 мектепке барып, құрылыс барысымен танысты. Жаңа мектептер мынандай мекенжайларда салынып жатыр:

1. Алматы ауданындағы М.Төлебаев пен Бурабай көшелерінің қиылысындағы мердігер «Bazis Construction» ЖШС салып жатқан 2 мың орындық мектеп;

2. Ш.Құдайбердіұлы даңғылы мен І.Жансүгіруұлы көшесі қиылысындағы мердігер «NAK Construction» ЖШС салып жатқан 2 мың орындық мектеп;

3. Байқоңыр ауданындағы «Егемен Қазақстан» газеті мен А.Иманов көшелеріндегі мердігер «Bazis Construction» ЖШС салып жатқан 2 мың орындық мектеп;

4. Нұра ауданы Е30, Е751, Е796 көшелеріндегі мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС салып жатқан 2 мың орындық мектеп;

5. Нұра ауданы Ұлы дала даңғылы мен Эллингтон-16 көшесі жанындағы мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС салып жатқан 2 мың орындық мектеп.

Астана қаласының әкім Жеңіс Қасымбек Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр-мен және Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевпен бірге осы мектептердің салыну барысымен танысқанын өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Қала басшысының сөзінше, мектептер қаланың барлық ауданында орналасады.

«Жаңа оқу жылы ішінде тағы 15 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Оның 7-еуі «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынады. Бұл мектептер 28 мың оқушыға арналған орын (екі ауысымды) ашуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 4 үш ауысымды және 7 шамадан тыс толы мектептің проблемасы шешіледі. Осылайша, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Астанадағы «Келешек мектептерінің» жалпы саны 24-ке жетеді. Сонымен қатар қалада балабақшалар, Оқушылар сарайы және өзге де әлеуметтік нысандар салынып жатыр» делінген жазбада.

«Келешек мектептері» жобасы аясында еліміздің білім беру инфрақұрылымы ауқымды түрде жаңғыртылуда. Ол әрбір бала үшін заманауи, қауіпсіз және қолжетімді білім беру кеңістігін құруды қамтамасыз етеді.

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КЕСТЕСІ БЕЛГІЛЕНДІ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі еліміздегі орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу күндерін, ұзақтығы мен каникул кезеңдерін жариялады.

Министрліктің мәліметінше, оқу процесі 2025 жылғы 2 қыркүйекте басталып, 2026 жылғы 25 мамырда аяқталады. Білім күніне арналған салтанатты жиынның уақыты мен күні мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленеді. Бірінші тоқсанда оқу уақыты – 8 апта. Күзгі каникул 2025 жылғы 27 қазанда басталып, 2 қарашаны қоса алғанда, 7 күнге созылады. Екінші тоқсан 8 оқу аптасынан тұрады. Қысқы каникул 2025 жылғы 29 желтоқсанда басталып, 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда, 10 күнге жалғасады. 1-сынып оқушылары үшін қосымша демалыс, 2026 жылғы 9 ақпаннан 15 ақпанды қоса алғанда, 7 күнді құрайды. Үшінші тоқсан 10 оқу аптасынан тұрады. Көктемгі каникул 2026 жылғы 19 наурызда басталып, 29 наурызды қоса алғанда, 11 күнге созылады. Төртінші тоқсанның ұзақтығы – 8 оқу аптасы, оқу жылы 2026 жылғы 25 мамырда аяқталады.



ХАЛЫҚ САНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Қазақстан аумағындағы халық санының XIX ғасырдың соңынан бері қарай қалай өзгергені туралы Ұлттық статистика бюросының мәліметі жарияланды.

Ресей империясының 1897 жылғы алғашқы жалпыхалықтық санағының деректеріне сәйкес, кейінірек Қазақ АССР-інің құрамына енген жерлерде 4,3 миллион адам тұрған, олардың 3,5 миллионы қазақ болған.

Халық санының жылдар бойынша динамикасы мынадай: 1913 ж. – 5,5 млн; 1920 ж. – 5,4 млн; 1922 ж. – 5,3 млн; 1939 ж. – 6 млн; 1959 ж. – 9,2 млн; 1970 ж. – 13 млн; 1979 ж. – 14,6 млн; 1984 ж. – 15,6 млн.

«Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылы Қазақстан халқының саны 16,4 миллион адам болды. Алайда көші-қон үдерісіне байланысты 2000 жылы бұл көрсеткіш 14,9 миллионға дейін азайды. 2010 жылы халық саны қайтадан 16 миллион межесінен асып, 16,2 миллион адам болды.

2023 жылғы қарашада еліміздегі халық саны алғаш рет 20 миллионнан асты. Ал 2025 жылғы 1 маусымдағы соңғы деректерге сәйкес, Қазақстан халқының саны 20,3 миллион адамға жетті» делінген хабарламада.



ЗЕЙНЕТКЕР ЖЕКЕ КӨМЕКШІ БОЛА АЛАДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектерге жеке көмекші қызметін көрсету қағидаларына өзгерістер енгізіп жатыр. Министрліктің басқарма басшысының тиісті бұйрығының жобасы туралы ақпарат «Ашық НҚА» порталында жарияланған.

«Енгізілетін өзгерістерге сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қағидаларда зейнет жасына толған адамдар өз жұбайының (зайыбының) жеке көмекшісі бола алатын тәртіп реттеледі» делінген хабарламада.

Сондай-ақ I топтағы мүгедектігі бар адамның және жеке көмекшісінің бір елді мекенде тұру қажеттілігін айқындайтын қосымша пункт пайда болады. Бұйрық жобасы туралы ақпарат 2025 жылғы 11 тамызға дейін «Ашық НҚА» интернет-порталында қоғамдық талқылау үшін орналастырылды.

ДРОН ҰШЫРУ ШЕКТЕЛЕДІ

Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың аумағындағы мемлекеттік күзет бақылауына берілген мекемелердің үстінен дрон ұшыруға шектеу енгізудің ережесі әзірленіп жатыр. Премьер-министр Олжас Бектеновтің Мәжіліс депутатының сауалына жолдаған жауабында осындай мәлімет айтылған.

– Қазір құқық қорғау органдары арнайы және өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен ПҰА-ны заңсыз құрастырғаны және қару ретінде қолданғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату бағытында шаралар әзірлеп жатыр. Сондай-ақ Қорғаныс министрлігі ПҰА ұшуын реттеу мен бақылауды қамтамасыз ету үшін UFZ (облыстық және республикалық маңызы бар қалалар аумағының үстінен ПҰА ұшуына арналған арнайы аймақтар) және UARU (мемлекеттік күзетке жататын объектілердің үстінен ҰӘК ұшуын шектеу аймақтары) аймақтарын белгілеу бойынша жұмысты жалғастырып жатыр, – деді Үкімет басшысы.

Қолданыстағы заңнамада пилотсыз ұшатын аппаратты заңсыз ұшыру арқылы әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған жеке тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткіш (39320 теңге), лауазымды тұлғаларға 20 АЕК (78640 теңге) айыппұл салынады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Жақын арада күшіне енетін жаңа туристік виза Парсы шығанағы елдері арасында саяхаттауды жеңілдетеді.

GCC (Шығанақ ынтымақтастық кеңесі) визасы немесе Grand Tours құжаты Бахрейн, Кувейт, Оман, Қатар, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктері секілді 6 елге сапарлауға мүмкіндік береді. Болжам бойынша ол 2025 жылдың аяғында немесе 2026 жылдың басында енгізіледі. Ал әзірге саяхаттаушылар әр елге бөлек виза алуы керек.



«Патшайым II Елизавета: стильге толы өмір» көрмесінде дәуір адамы көзі тірісінде киген көйлектер көрсетілімге шығарылмақ.

Тарихта ең ұзақ тақта отырған монарх патшайымының туғанына 100 жыл толуына орай көрме 2026 жылдың көктемінде Лондондағы Букингем сарайында ашылмақ. Онда 1947 жылы үйлену тойында, 1953 жылы тәж кию рәсімінде көпшілік алдында киген киімдері мен ел жадында жатталып қалған көйлектері көрсетіледі.



Жапонияның Васэда университеті жергілікті үш компания: Murata, Tmsuk, Sre Holdings-пен бірлесіп, робот жасауды қолға алды.

Адамның орнын алмастыра алатын құлтемірдің биіктігі – 3 метр, салмағы – 300 келі. Олар тіпті 5 шақырым жылдамдықпен қозғалып, 100 келіден жоғары салмақты көтеруге қауқарлы. Негізгі міндеті – Жапония үнемі бетпе-бет келетін жер сілкінісі мен басқа да табиғи апаттардан кейін қоқыстарды тазарту.

№88 (4832) 29/07/2025 Сейсенбі

ҚАНША ОҚУШЫ ДЕМАЛДЫ?

Балалардың жазғы демалысын тиімді әрі мазмұнды ұйымдастыру бағытында Астанада ауқымды жұмыс жүргізілуде. Үш айға созылатын жазғы маусымның екінші айы аяқталуға жақын. Осы уақыт аралығында елордада 200 мыңға жуық оқушы жазғы лагерлермен қамтылды.



Балалар демалысының сапасын арттыру мақсатында қала бойынша әртүрлі бағыттағы лагерлер ұйымдастырылды. Олар: 92 мектеп жанындағы лагерь; 192 бейінді лагерь; 10 тақырыптық жоба аясындағы лагерь; 13 қосымша білім беру ұйымы базасындағы күндізгі лагерлер.



Қазіргі таңда үшінші ауысым өз жұмысын бастады. Бұл кезеңде де балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне, шығармашылық қабілетін дамытуына, жаңа достар табуына және денсаулығын нығайтуына бағытталған танымдық, спорттық және мәдени шаралар кең көлемде ұйымдастырылуда.

Биылғы жазғы маусымның айрықша жаңалығы – Ақмола облысы Аққөл ауданында орналасқан «Барап» балалар спорттық-сауықтыру орталығының ашылуы. Орталық жаз бойы 1400-ден астам бала қабылдап, олардың белсенді демалысына мүмкіндік береді. Сонымен қатар 4 мыңнан астам оқушы қала сыртындағы өзге де сауықтыру лагерлерінде тынығып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылып, балаларға толыққанды демалыс жағдайы жасалған.

АСТАНАДА – «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР» АЛЛЕЯСЫ

Т.Жүргенов көшесі бойында «Жұмысшы мамандықтар» аллеясы бой көтереді. Мұны аталмыш аллеяны аралап, сондағы жұмыстармен танысқан Сарайшық ауданының әкімі Мақсат Саматұлы хабарлады.

Оның айтуынша, аллеяда 2400 ағаш пен 5000-ға жуық бұта отырғызылды. Қоғамдық кеңістік тұрғындардың сүйікті демалыс орнына аз уақыт ішінде айналды.

«Жұмысшы мамандықтар жылы аясында тұрғызылып жатқан бұл аллеяға «Жұмысшы мамандықтар» аллеясы атауы беріледі. Бұл аумаққа тағы 100-ге жуық ағаш пен бұта отырғызылып, 50 жарық шамы орнатылып, 6 инсталляция қойылады. Қазіргі уақытта тас төсемелер төселіп, автоматтандырылған суару жүйесі орнатылып, ағаштар мен жарықтандырудың орындары дайындалуда. Жұмысты тамыз айының соңында аяқтау жоспарланған» дейді Мақсат Саматұлы.

«ВАЙНАХ» БИДЕН ОЗДЫ

Бас қаламыздағы «Вайнах» шешен-ингуш ансамблі Батуми қаласында өткен, Грузия мәдениет және туризм қоғамы ұйымдастырған «Golden Fleece» халықаралық фестиваль-байқауына қатысып, «Супер гран-при» жүлдесін жеңіп алды.



Аталмыш өнер ұжымы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, көрерменнің шынайы қошеметіне бөленді. Ал гран-приді жеңіп алуы – ұжымның таланты мен еңбекқорлығының айқын дәлелі. Өз ісінің кәсіби маманы Ханифа Мациеваның жетекшілігімен ансамбль халықаралық аренада би өнерінің жаңа шыңдарын бағындырып келеді. Ұлтаралық диалогқа өз үлесін қосып, шетелде Қазақстанды таныстырып жүрген Ханифа Мациева жетекшілік ететін «Вайнах» фольклорлық ансамблі мәдени символ ретінде танылды.

Түркияның солтүстік-батысында орман өрті өршіп тұр. Елде 84 ірі өрт ошағы тіркеліп, 3 мың гектар алқап отқа оранды.

Әсіресе Измир, Анталья, Биледжик өңірлерінде жағдай қиын. Қазір тұрғындарды эвакуациялау жүріп жатыр. Өрттің өршу қаупі жоғары. Қызыл жалынды сөндіруге 2 мыңнан астам маман жұмылған. Табиғи апат себебін мамандар күннің қатты ысуымен байланыстырады. Кей аймақтарда сынап бағанасы +50 градусқа дейін жетеді.



Қытай мен Қырғызстан ежелгі Ақбешім (Суяб) қалашығының қирандыларын бірлесіп қорғайды.

Ақбешім қирандылары – Ұлы Жібек жолының бір бөлігі әрі Қытай, Қазақстан және Қырғызстан бірлесіп ұсынған ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасы. Аңызға сенсек, дәл осы жерде Тан династиясының (618-907) ұлы ақыны Ли Бо дүниеге келген. Міне, Аспан асты елінің орта ғасырдағы қала орнына қызығушылық танытып отырғанына осы себеп.

Елордада «Түнгі қаладағы балалар» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы өтіп жатыр. Оның барысы туралы Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында қалалық Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Қанат Нысантаев баяндады.

БАЛАЛАР ТҮНДЕ ЖАЛҒЫЗ ЖҮРМЕСІН

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ олардың түнгі уақытта ересектердің еріп жүруінсіз қоғамдық орындарда жүрген жағдайларын анықтау және жолын кесу.

«Жыл басынан бері түнгі уақытта ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз 4559 жасөспірім анықталды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Көбіне жасөспірімдер сауда-ойын-сауық орталықтарында, саябақтарда, компьютерлік және түнгі клубтарда түнгі уақытта көп жүреді. Негізгі назар түнгі уақытта қоғамдық орындарда ата-анасының немесе заңды өкілінің еріп жүруінсіз жүрген кәмелетке толмаған жасөспірімдерге аударылды» дейді Қанат Нысантаев.

Оның айтуынша, полиция қызметкерлері мен басқа да мүдделі органдар өкілдері жасөспірімдермен және олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Әсіресе Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабының сақталуына назар аударылды. Аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмағанның түнгі уақытта (сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін) қоғамдық орындарда ата-анасының немесе заңды өкілінің еріп жүруінсіз жүруі әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады. Мұндай құқық бұзушылық үшін ата-аналарға ескерту және 3 айлық есептік көрсеткіш ретінде айыппұл қарастырылған.

«Ата-аналармен және жасөспірімдермен профилактикалық және түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жеке түсіндіру әңгімелері өткізіліп, балаларды тәрбиелеу мен бақылау бойынша міндеттерді еске салатын жадынамалар таратылуда. Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі – мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның басты міндеттерінің бірі. Бұл үдерісте отбасы, мектеп, профилактикалық органдар мен волонтерлік ұйымдардың рөлі ерекше. Ата-аналарға ескертеміз, балаңыздың күн тәртібін қадағалаңыз. Сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық мекемелерінде және 23:00-ден кейін үйден тыс жерде ересектерсіз болуына жол бермеңіз. Әсіресе демалыс кезінде баланың бос уақытын бақылауда ұстаңыз. Қиындықтар туындаған жағдайда немесе көмек қажет болғанда, балалардың құқығын қорғау мәселелері бойынша құзыретті органдарға жүгініңіз» дейді Қанат Нысантаев.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА УАҚЫТЫЛЫ ТІРКЕМЕГЕН

Бүгінде азаматтар бір аумақтан басқа аймаққа көшуіне орай орналасқан жеріндегі медициналық қызмет түрін алуы үшін мемлекеттік емханаға тіркелуі қажет.

Заңнамаға сәйкес, қызмет көрсетушілер мекемеге жүгінген азаматтардың құжаттарын қабылдау немесе кері қайтару туралы мәселесін қарастыру барысында ұсынылатын құжаттардың мерзімі, тәртібі мен бас тарту негіздерін реттейтін арнайы қағидаларды басшылыққа алуы және осы ережелерді қатаң сақтауы міндетті.

Осы орайда, департамент «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу» мемлекеттік қызметін алу кезіндегі медициналық қызметкерлердің әрекетіне қатысты шағымды қарады. Шағымда көрсетілген деректерге сәйкес, азаматша тұрғылықты жері бойынша емханаға кәмелет жасына жетпеген балаларын тіркеу үшін электрондық үкімет порталы арқылы өтінім жіберген. Алайда тіркеу жүзеге асырылмаған.

Аталған арыз бойынша департамент емханада тексеріс жүргізіп, нәтижесінде медициналық ұйым қызметкерлерінің іс-әрекетінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін және қызмет берушінің жұмыс кестесін сақтамағанын анықтады.

Заңнамаға сәйкес, емделуші алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ электрондық үкімет порталы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 1 жұмыс күнін құрайды.

Осылайша, департамент заң талаптарының бұдан әрі бұзылуына жол бермеу мақсатында қызмет берушілерге тиісті шаралар қолдану, оның ішінде жауапты қызметкерлерге құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажеттілігі мен қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтау, сондай-ақ бұзушылыққа жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау бойынша ұсыныстар енгізді.

Құрметті Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары! Егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сіздердің құқығыңыз бұзылған жағдайда, жазбаша түрде департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша немесе электрондық түрде «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram-бот арқылы «Уәкілетті органға өтініш» бөлімінде жүгіне алатындарыңызды еске саламыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

№88 (4832) 29/07/2025 Сейсенбі



ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛУДА?

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына үстеме 15 пайыздан аспауы тиіс. Алайда Астана қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті аталған үстемені белгіленген шектен асыру фактілерін анықтап, тиісті шараларды қолданды. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінің алаңында аталмыш департамент басшысының орынбасары Жанат Асантаев баяндап, мекеменің биылдың алғашқы жарты жылында атқарған жұмысының қорытындысымен таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, осы жылдың бірінші жартысында департамент ішкі сауда субъектілеріне жоспардан тыс 14 тексеру жүргізді. Қорытындысында бағаны тиісті үстемеден асырғаны үшін 13 субъект, сөре мен кассадағы бағаның айырмашылығы үшін 1 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұған қоса, келіп түскен тиісті мәліметтерді сараптай келе, жалпы алғанда 75 бизнес өкілі әкімшілік жауапкершілік арқалады. Оның 59-ы – үстемені асырғаны үшін, 16-сы сөре мен кассадағы бағаның айырмашылығы үшін жазаланды. Тұтынушылардың құқығын қорғау мемлекеттің маңызды міндетінің бірі, бұл салада басты назар – азаматтардың өтініштерінде.

«Осы жылдың бірінші жартысында департаментке 4017 өтініш түсті. Соның ішінде «eOtinish» платформасы және электронды үкімет порталы арқылы келгені – 3236 өтініш. 1515 өтінішке түсініктеме берілсе, 826 өтініш өз құзыреті шегінде қарау үшін басқа мемлекеттік органдарға жолданды. Қабылданған шаралар нәтижесінде тұтынушыларға қайтарылған ақшалай қаражаттың жалпы сомасы 221 миллион теңгені құрады. Бұл көрсеткіш – республика бойынша ең жоғары нәтиже және 2024 жылмен салыстырғанда екі есеге артқан. Telegram-ботқа 246 сұраныс түсіп, олар бойынша тұтынушылардың сұрақтарына түсініктемелер берілді. Азаматтарды жеке қабылдау барысында 275 тұтынушының мәселесі тыңдалды, жедел желі телефонына 252 тұтынушыдан қоңырау түсті, әрбір сұраққа біздің тарапымыздан заңға сәйкес кеңестер берілді» деді Жанат Асантаев.

Оның мәліметінше, жалпы салалар бойынша өтініштер мен арыз-шағымдар мына салаларды қамтыды. Ең көп өтініш бөлшек сауда қызметі бойынша – 1485. Одан кейін электрондық сауда саласы – 1382, қоғамдық тамақтандыру – 130, білім беру – 127, байланыс пен тұрмыстық қызмет көрсету – 105, туристік қызмет көрсету – 80, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 77, көліктік қызмет көрсету – 22, медициналық қызмет көрсету – 18, қаржылық қызмет көрсету – 12, басқалары – 474.

Сатушылар тарапынан тұтынушылар құқығының бұзылуы фактілері үшін 41 кәсіпкер бұрынғы заңнамаға сәйкес «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал биылғы 15 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізілуіне байланысты «ескерту» сынды жаза түрі алынып тасталды. Бірінші бұзушылықтың өзінде кәсіпкерлерге бірден әкімшілік айыппұл салынады.

Айыппұл мөлшері: жеке тұлғалар үшін – 10 АЕК; шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – 20 АЕК; орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 30 АЕК; ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 50 АЕК. Яғни бұрынғыдай ескерту берілмей, тұтынушылардың құқығын бұзу фактілері анықталған кезде тікелей айыппұл салынады. Қазіргі есепке сәйкес 24 кәсіпкерлік субъектісіне айыппұл салынды.

«Тұтынушылардың сауатын арттыру мақсатында халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Мамандар жедел желі телефоны бойынша кеңес береді, жеке қабылдау жүргізеді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасы аясында Instagram әлеуметтік желілерінде dtzpp.astana аккаунтында және Facebook парақшаларында ақпарат жариялап, кеңестер береміз» дейді Жанат Асантаев.

ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Елордада балалардың терезеден құлап кету оқиғасы әлі де азаймай тұр. Бұл туралы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы басшысының міндетін атқарушы Жанат Камерденов айтып, қайғылы жағдайдың алдын алу үшін тұрғындарға қандай сақтық шараларын сақтау керектігін түсіндірді.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Құтқарушылардың айтуынша, мұндай оқиғалар күн жылы кезде жиілей түседі.

– Күн жылына салысымен терезелерді ашып қойып жатады. Дәл осы уақытта балалар құлап кететін жағдайлар басталады. Кей күндері төрт балаға дейін құлап жатса, кейде бір балаға қатысты жағдай тіркеледі. Бұдан ешкім сақтандырылмаған – бұл жаңа тұрғын үйде де, ескі көпқабатты үйде де болуы мүмкін. Терезесі бар кез келген үйде бала қараусыз қалса, терезеде арнайы қорғаныс құрылғылары болмаса, мұндай жағдайдың болуы әбден ықтимал. Қалада белгілі бір ауданға ғана тән жағдай деп айтуға келмейді. Балалар екінші қабаттан да, он төртінші қабаттан да құлап жатады, – дейді Ж.Камерденов.



Оның айтуынша, қазіргі таңда мұндай қауіптің алдын алуға арналған түрлі құрылғы бар.

– Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған арнайы техникалық құралдар – темір торлар, тіпті қорғаныс торлары да қолданылады. Арнайы күшейтілген маса торлары бар, оларды өте мықтап орнатады, тіпті ересек адам да сындыра алмайды. Сонымен қатар терезенің ашылуын шектейтін арнайы қорғаныс сымдары бар, оларды орнату арқылы терезені толық ашуға мүмкіндік болмайды, – деді ТЖД өкілі.

Сондай-ақ ол ата-аналарды балалармен терезе жанында ойнаудың қауіптілігі жайында сөйлесуге шақырды.

– Терезе маңына жиһаз, орындық, үстел қоймау керек. Балаларды пәтерде жалғыз қалдырмаңыздар, бүлдіршіндер үйде болған кезде терезелерді қатты ашып қоймаңыздар. Балалардың терезе алдына шығуына жол бермеңіздер. Қауіптің алдын алу үшін арнайы техникалық құралдарды қолданыңыздар, – деді Ж.Камерденов.

Жалпы баланың терезеден құлап кетуіне себеп болған ата-аналар немесе қамқоршылардың әрекеті нақты жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі түрлі бап бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Мысалы, егер бала қараусыз қалып, терезеден құлап кетсе, бұл ҚК-нің 125-бабы – «Қауіпті жағдайда қалдыру» бойынша қаралуы мүмкін. Ал егер баланың жарақаттануына ата-ананың немқұрайдылығы себеп болса, бұл ҚК-нің 156-бабы – «Тәрбие беру міндеттерін орындамау» бойынша сараланууы ықтимал.

Мамандардың мәлімдеуінше, көп жағдайда балалардың құлауы олардың ата-анасының қарауынсыз қалу себебінен орын алады. Қайғылы жағдай болмас үшін алдын алып, кішкентай балаларды жалғыз қалдырмаған жөн. Сондай-ақ барлық жиһазды бала терезе алдына шыға алмайтындай етіп, терезе жанынан алшақ қою қажет. Терезедегі москиттік торларға сенбегеніңіз абзал. Олар құлаудан сақтауға арналмаған. Керісінше, москиттік тор қайғылы жағдайдың орын алуына әкеліп соғады, балалар москиттік торларды қауіпсіз деп ойлайды және терезеге сүйенгендей сол торларға сүйенеді. Ең сапалы тордың өзі баланың салмағы мен қысымды көтере алмайды. Егер балаңыз бөлмеде болса, терезені және балкон есігін ашпаңыз. Жоғарғы желдеткіштерді немесе тік желдету режимін пайдаланыңыз. Бала терезені өз еркімен аша алмау үшін терезеге арнайы бекіткіштер орнату қажет.





ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРЕДІ

Астана қаласындағы №12 көпшілік кітапхананың ұйымдастыруымен жасөспірім оқырмандарға арналған «Қызыл кітап беттерінде» атты экологиялық тәрбие сағаты өтті. Іс-шараның мақсаты – адамның қоршаған ортадағы маңызды рөлін көрсету, жабайы табиғатқа деген қызығушылықты ояту.

Райхан РАХМЕТОВА

Тәрбие сағатында табиғатты аялауға тәрбиелеу, экологиялық сана-сезім мен жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында балаларға Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер туралы мәлімет берілді. «Мен әлемді танудамын» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысушылар бірнеше топқа бөлініп, әр топқа жеке тапсырмалар мен шығармашылық міндеттер жүктелді. Бұл әдіс балалардың белсенділігін арттырып, топпен жұмыс істеу дағдысын дамытуға ықпал етті.

– Бұл – біздің жылдық жоспарымызда алдын ала қарастырылған іс-шара. Осы кітапхана орналасқан «Шаңырақ Астана» жатақханасында тұратын балаларға арнап тәрбие сағатын өткіздік. Оларға қызықты болу үшін іс-шараны төрт кезеңге бөлдік. Алдымен балаларға экологиялық тақырыпта танымдық мультфильм көрсетілді. Сосын ребус, жұмбақтар жасырылды, «Ізін тап» байқауы және сұрақ-жауап кезеңі болды. Балалар ұлдар мен қыздар болып бөлініп, өзара тартысты ойын өткізді, топтық формат экологиялық тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік берді, – дейді кітапхана меңгерушісі Әйгерім Әлмағанбетова.

Тәрбие сағатының бағдарламасы қызықты да танымды түрде өтті. Қатысушылар табиғатты қорғаудың маңызы туралы тереңірек түсінді. Балалардың экологиялық білімі артып, топтық жұмыс олардың қызығушылығын оятты және оларды бірлесе әрекет етуге үйретті. Іс-шара соңында кітапхана ұжымы атынан балаларға сыйлықтар мен тәттілер тарту етілді.

Меңгерушінің айтуынша, 20 жылдан бері жұмыс істейтін кітапханада 30 мыңға жуық кітап қоры бар. Жатақхана балалары күн сайын сабағына дайындалу үшін осында келіп отырады. Одан бөлек, қаладағы басқа балалар да келіп кітап оқи алады. Оқудан басқа, мұнда екі үйірме жұмысы ұйымдастырылған. Жеткіншектер кітапханада қолөнер және сурет салу үйірмесіне қатысады.

ҒЫЛЫМ – КЕЛЕШЕККЕ БАСТАР ЖОЛ

– Сіз ғылым жолында өндіре жазған ғалымның бірісіз. 600-ге жуық ғылыми және публицистикалық еңбектің, оның ішінде 7 монография, 16 оқулық пен оқу құралының, сондай-ақ 24 патент пен авторлық куәліктердің авторысыз. Бұл – өте үлкен көрсеткіш. Осындай ауқымды жұмысты қалай үйлестіресіз? Ғылыми жұмысыңыздың өндіріске енгізілуі және оның экономикалық тиімділігі туралы айтып берсеңіз.

– Бұл еңбектің бағасын халық бере жатар. Жұмысты дұрыс жоспарлап, уақытты тиімді пайдалану арқылы жеткен көрсеткіштер ғой. Ғылым мен өндірістің арасында тығыз байланыс болуы керек екендігі сөзсіз. Мұны кезінде зор ұйымдастырушы, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев іс жүзінде көрсетіп кеткен. Менің патенттерім мен авторлық куәліктерімнің Qarmet, Kazzink, Kazakhmys сияқты Қазақстанның ірі зауыттарында өндіріске енгізілуі – мен үшін үлкен жетістік. Бұл еңбектер экономикалық тиімділікке қол жеткізіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосуда. Ғылым тек теорияда қалып қоймай, іс жүзінде қолданыс тауып, пайда әкелуі керек.

Батыс елдерінің білім мен ғылым саласында алдыңғы қатарға шығуында жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары және өндіріс орындары бірлесіп, сапалы мамандардың шығуына мүдделік танытады. Міне, осындай бірлескен жұмыстың нәтижесінде ғалымдардың еңбектеріне де сұраныс артады. Яғни ғылымды коммерцияландыру табысқа жетелейді.

– Кез келген адамның отаншыл, елшіл қасиеті туған жеріне деген қамқорлығынан көрінеді. Сіз туып-өскен өлкеңізге қандай еңбек сіңіре алдыңыз?

– Туған жерге деген сүйіспеншілік адамның жаны мен қанында кіндік кескен кезінен бар болуы керек деп есептеймін. Атамекенді ардақтау, оның тарихын насихаттау – әрбір азаматтың парызы деп білемін. Павлодар облысының киелі жерлерінің картасын дайындауға, Баянауыл дуанының аға сұлтаны болған, белгілі ағартушы Мұса Шормanұлы кесенесін көтеруге тікелей басшылық жасап, оның үлкен кешенге айналуына ықпал еткенім – мен үшін мәртебе. «Туған жердің тарихи тұлғалары» мұражайының тұжырымдамасын әзірлеп, толықтай жасап шығардым. Бұл жұмыстың барлығы жас ұрпақтың бойына отаншылдық сезімін қалыптастыруға, өз тарихын біліп, оны мақтан етуге бағытталды.

Өлкетану – жастардың бойында елжандылық сезімді қалыптастырудың негізгі бағытының бірі. Өз өлкесін, оның тарихын, рухани мұрасын білмейінше, толыққанды тұлға қалыптастыру мүмкін емес. «Өлкетану-Краеведение» оқулығы мен фильмдер – осы мақсатта жасалған үлкен жоба. Дұрысы, оған «Ертістің Павлодар өңірінің 100 тарихи тұлғалары» атты 200 қысқаметражды фильмді дайындап, мектеп бағдарламасына енгіздік. Бұл жоба арқылы біз жас ұрпаққа туған жерінің тарихын, көрнекті тұлғаларын тереңірек таныстырып, бойларына ұлттық рухани құндылықты сіңіруге тырысудамыз.

– Сенатор ретінде халықтың сенім жүгін арқалау қандай жауапкершілік жүктейді? Заңнамалық реформаларға қосқан үлесіңіз және қоғамдағы өзекті мәселелерді шешудегі қызметіңіз туралы айтып берсеңіз.

– Халықтың сенімін арқалау – бұл үлкен жауапкершілік.

Парламент Сенатының депутаты, «Халықаралық Сәтбаев қоры» қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Алтынбек НҰХҰЛЫМЕН сұхбат.

Сенатор ретінде мен әрқашан халықтың мүддесін қорғауға тырысамын. Бұл мойынымыздағы міндетіміз әрі парызымыз. 2020-2025 жылдар аралығында Сенатта қабылданған заңдардың әлеуметтік салаға қатысы аз болған жоқ. Осы заңдардың сапалы қабылдануына, олардың қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеуге тигізер әсеріне талдаулар жүргізіп, ел мүддесі үшін қызмет атқарып жүрміз. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңның талқылануына белсенді қатысып, оның қабылдануына өз үлесімді қостым. Сайлаушылармен жиі кездесулер өткізіп, олардың мәселелерін тыңдап, депутаттық сауалдар жолдадым. Ахмет Байтұрсынұлы, Қаныш Сәтбаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Шота Уәлиханов, Шерхан Мұртаза, Кемел Ақышев, Ебіней Бөкетов сияқты ұлт мақтаныштарының мерейтойларын атап өтуге бастамашы болып, олардың сапалы орындалуын қадағалаудамын. Бұл – халықтың сенімін ақтау жолындағы менің азаматтық парызым.

– Сіз кімді үлгі тұтасыз?

– Академик Қаныш Сәтбаев – темірқазықты тұғырнамам. Қаныш жолын насихаттау – менің өмірлік миссиям. «Халықаралық Сәтбаев қорының» қамқоршылар кеңесінің төрағасы ретінде мен елордадағы Қаныш Сәтбаев ескерткішінің монументалды кешенінің тұжырымдамасын әзірледім. Қордан қаражат тартып, 2021 жылы ескерткішті тұрғызып, оның ашылуынан кейін 2022-2024 жылдары осы кешеннің тұжырымдамасы толығымен іске асырылғанға дейін қосымша гранитті стендтерді орнату процесінің барлық кезеңін үйлестірдім. Соңғысы осы жылғы Қаныш Сәтбаевтың туған күнінде әулие Мәшһүр Жүсіп 22 жасар жас Қанышқа берген бата сөздің мәтіні бар гранит сынтас алаңға орнатылды. Бұл – Қаныш Сәтбаевтың мұрасын мәңгі есте қалдыруға бағытталған үлкен жоба.

Тұлғатану – ұлт руханиятының негізгі бағытының бірі. Тарихты тұлғалар жасайды. Сондықтан жас ұрпаққа көрнекті тұлғаларды таныту, олардың өмір жолынан үлгі алуға мүмкіндік беру өте маңызды. Шымкентте Жүсіпбек Аймауытовтың, Семей мен Павлодарда Әбікей Сәтбаевтың мемориалды тақтасын ашуға ықпал етуім – осы бағыттағы жұмысымның бір бөлігі. Өткен жылы ұлама Мәшһүр Жүсіп оқыған, ал ғалым Кемел Ақышевтің кіндік кескен жерлерінде гранитті белгітас орнаттық. Жалпы, 30-дан астам мемориалды тақталар мен белгітастарды елдің бірнеше жерінде ашып, тұлғатану саласына жаңа серпіліс беруге тырыстық. Бұл жұмыстар арқылы біз ұлтымыздың рухын көтеріп, жас ұрпақтың бойына отаншылдық сезімді қалыптастыруға атсалысамыз.

Қаныш Сәтбаевтың туған жерін дамытуға, оның мұрасын сақтауға және насихаттауға бағытталған кешенді жұмыс атқарылды. Ауыл мектебін күрделі жөндеуден өткізуге, көшелерді асфальттауға, жол жарығын жүргізуді ұсыныс жасап, Павлодар облысының әкімдігінің қаржылай қолдауын таптым.

Былтыр академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойын өткізу республика масштабындағы үлкен жоба болды. Бұл жоба арқылы Қаныш Сәтбаевтың ғылымға, еліміздің дамуына қосқан үлесін насихаттауға маңыз бердік. Бұл істе қолдаған барша қауымға зор ризашылығымды білдіремін.



– Ғылымды қалай дамытуға болады?

– Ғылым – мемлекеттің болашағы. Технология, экономика, қорғаныс, денсаулық, тіпті спорт саласы – бәрі ғылымға байланысты дамиды. Сондықтан ғылымға инвестиция тарту, жас ғалымдарға жағдай жасау – негізгі басымдық болуы тиіс. Әйтпесе әлемдік дамыған елдерге ілесу қиын болады.

Ғылым өндіріспен тығыз байланыста болғанда ғана оның нақты пайдасы болады. Ғылыми жетістігімнің біразы өндіріс ошағына енгізілгені туралы тоқталып өттім ғой. Бұл тек зертханадағы нәтиже емес, нақты экономикалық тиімділік берген жобалар болды. Ғылым мен өндіріс арасындағы көпірді күшейту қажеттілігі туындап отыр.

Ғылым – тұрақты қозғалысты қажет ететін сала. Кезінде академик Қаныш Сәтбаев негізін қалаған Ғылым академиясы елдің дамуына тікелей атсалысты. Өйткені, ғалымдардың ортасы тәуелсіз шешім қабылдауға, өндірісті, ауыл шаруашылығын сүйемелдеп, биікке жетеледі. Ғылым мен өндіріс бір-бірін толықтырып, қатарласа дамымаса, ел экономикасы бәсекеге қабілетті болуы қиын екендігі дәлелдеуді қажет етпейді.

Ғылым – кез келген мемлекеттің даму тетігінің өзегі. Өйткені ғылым – жаңалық ашудың, тың идеялардың, технологиялық серпілістің қайнар көзі. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, алдыңғы қатарлы елдердің бәрі ғылымға айрықша көңіл бөледі. АҚШ, Жапония, Германия, Оңтүстік Корея секілді елдердің табысты экономикасының, қуатты қорғанысының, сапалы білім беру жүйесінің, тіпті, мәдени жетістіктерінің негізінде ғылым жатыр.

Ғылымы дамымаған ел ешқашан технологиялық, экономикалық немесе әлеуметтік прогресс жасай алмайды. Тәуелсіздік алған отыз жылдан астам уақытта Қазақстан аз жетістікке жеткен жоқ. Бірақ әлемдік бәсекеде алға шығу үшін өз ғылымымызға арқа сүйеуіміз керек. Өзіміздің озық зерттеулеріміз, ұлттық, технологиялық әзірлемелеріміз болмаса, біз сыртқы технологияларға тәуелді болып қала береміз.

Мемлекет тұрақтылығы, экономикалық қауіпсіздік, азық-түлік, медицина, әскери сала – барлығы ғылымға келіп тіреледі. Жасанды интеллект, биотехнология, экология, энергияның баламалы көзі – бұның бәрі ғылымсыз мүмкін емес.

– Ғылым мен ұлттық руханият арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Ғылым тек технологиялық прогрестің құралы емес пе?

– Жоқ, олай емес. Қазіргі заманда ғылым тек техника мен өнеркәсіп үшін емес, ұлттық руханият үшін де қажет. Мысалы, тіл білімі, тарих, этнография, археология – бұлардың бәрі гуманитарлық ғылым салалары. Біз ұлт ретінде өзімізді тану үшін сол ғылым салаларына арқа сүйейміз.

Жасанды интеллект немесе роботтану саласының өзі – тілсіз, ұлттық мәдени кодсыз дамымайды. Егер біз қазақ тілін ғылым тіліне айналдырмасақ, ұлттық ерекшелігімізді технологиялық өнімдерге енгізбесек – біздің жасанды интеллектіміз де, виртуалды әлеміміз де бөтен, сыртқы рухта жасалады.

Демек, ғылым – тек математика мен техника емес, ұлттық болмыстың, мәдениеттің заманауи формасы. Қазақ ғылымының дамуы – қазақ руханиятының, тіліміздің, әдебиетіміздің, философиямыздың сақталуы мен жаңғыруының кепілі.

– Қазақстан ғылымы әлемдік деңгейге шығу үшін не істеуі керек? Мемлекет қандай саясат ұстануы қажет?

– Біріншіден, ғылымды мемлекеттік саясаттың басым бағыты ету керек. Ғалымдарды әлеуметтік және қаржылық қолдау – инвестиция емес, ұзақ мерзімді стратегиялық қадам. Екіншіден, ғылыми жобаларды өндіріспен және бизнеспен байланыстыру керек. Үшіншіден, жас ғалымдарды дайындауға, олардың әлемдік орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасау маңызды.

Ең бастысы – ғылымның идеологиялық маңызын түсіну. Егер ғылымды шеттен көшіріп алумен шектелсек, онда оның ұлттық мазмұны болмайды. Біз өз топырағымызда, өз менталитетіміз бен дәстүрімізге негізделген ғылымды дамытуымыз керек. Сонда ғана ол біздің мемлекеттің тірегіне айналады.

– Сонда ғылым – мемлекеттің болашағы деп айтуға бола ма?

– Әрине, ғылымсыз мемлекет ұзақ мерзімді даму стратегиясын құра алмайды. Білім, өндіріс, қорғаныс, денсаулық сақтау, экология, мәдениет – бәрі ғылымға сүйенеді. Ұлттың тағдыры, тілдің болашағы, мәдениеттің жаңғыруы да ғылыммен тығыз байланысты.

Қазақ ғылымының әлеуеті өте жоғары. Бізде дарынды жастар, терең ойлы зерттеушілер бар. Мемлекет тек сол әлеуетті дұрыс арнаға бағыттаса, Қазақстан XXI ғасырда ғылыми инновациясы дамыған елге айнала алады.

– Қазіргі қазақ қоғамының дамуында қандай басты мәселелерді көресіз және шешу жолдарын қалай елестетесіз?

– Қазақ қоғамы – күрделі өтпелі кезеңде. Ұлттық сана мен жаһандық өркениеттің бетпе-бет келген тұсында тұрмыз. Басты мәселе – жастар тәрбиесі, білімнің сапасы және ұлттық құндылықтың сақталуы. Батысқа еліктеуден арылып, өзіміздің төл мәдениетімізге бет бұруымыз керек. Бұл ретте Алаш идеясы, түркілік тамырымыз, ұлы дала өркениеті – басты бағдаршам болуы тиіс.

– Қазіргі роботтану, жасанды интеллект дәуірінде Қазақстан ғылымы қандай бағыт ұстануы тиіс деп ойлайсыз?

– Бұл – өте өзекті мәселе. Егер біз роботтану, жасанды интеллект, биотехнология, жасыл энергетика сияқты болашақтың салаларын дамытпасақ, жаһандық бәсекеде артта қалуымыз мүмкін. Бірақ мұнда басты шарт – ұлттық мүдде мен мәдениетімізді сақтау. Тек технологиялық көшке ілесу емес, сол дамуды өзіміздің тілдік, мәдени және тарихи ерекшеліктерімізге бейімдеу маңызды.

Мысалы, жасанды интеллектке негізделген бағдарламалар мен сервистер міндетті түрде қазақ тілінде де болуы тиіс. Бұл – тілді, ұлттық ойлау жүйесін жаңа формада дамытуға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде қазақ тілінде сөйлейтін виртуалды көмекшілер, аудармашылар, интеллектуалды жүйелер қажет. Бұл – тілдің дамуына ғана емес, жастардың ғылымға деген қызығушылығына да ықпал етеді.

– Бұл бағытта нақты қандай шаралар қолға алынуы тиіс деп ойлайсыз?

– Біріншіден, білім беру жүйесінде STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) бағытын тереңдету қажет. Оның ішінде бағдарламалау, нейрожелілер жасау, биоинформатика, робот құрастыру – барлығы қазақ тілінде оқытылса, жас буын ұлттық негізде технологиялық сауатты болып өседі.

Екіншіден, ірі ғылыми жобаларды мемлекет қолдауы тиіс. Мысалы, ауыл шаруашылығына арналған дрондар, автоматтандырылған суару жүйелері, жасанды интеллект арқылы ауа райын болжау немесе мал ауруларын анықтау – мұның бәрі бізге де керек әрі қазақ тілінде қолжетімді болуы шарт.

Үшіншіден, ұлттық цифрлық контент көлемін ұлғайту қажет. Әлемдік платформаларда қазақша ойын, оқу құралы, ғылыми-көпшілік бағдарлама аз. Егер осы бағытқа инвестиция құйылса, ғылым мен мәдениеттің үйлесімі пайда болады.

– Демек, Қазақстан ғылымының болашағы технологиялық және ұлттық-мәдени бағыттардың бірлігінде дейсіз ғой?

– Дәл солай. Бізге ұлттық кодымызды жоғалтпай, батыс пен шығыстың озық технологияларын меңгеру керек. Бұл – тек тіл, мәдениет емес, ұлттық құндылықтарға негізделген жасанды интеллект, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін цифрлық өнімдер жасау деген сөз. Сонда ғана Қазақстанның ғылыми келбеті жаһандық аренада өзіндік орны бар ел ретінде қалыптасады.



Сұхбаттасқан
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

№88 (4832) 29/07/2025 Сейсенбі

КӨЛСАЙ МЕН ҚАЙЫҢДЫҒА ЖОЛЫҢ ТҮССЕ...

Тянь-Шань тауларының солтүстік беткейіндегі Көлсай мен Қайыңды көлдері – еліміздегі табиғат жауһарларының бірегейі. Жетісудың інжу-маржаны аталатын аталмыш мекендерге алыс-жақын шетелдерден саяхаттап келушілердің саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр мұнда 395 386 адам болса, биылғы жарты жылдықтың өзінде 623 мың адам жергілікті сұлулықты тамашалауға келген. Отандық туризмді ілгерілетіп отырған бұл жерлерге біздің де жолымыз түсіп, әлі де аймақты дамыту мәселесі өзекті екенін анықтадық.



Индира БЕРЖАНОВА

КЕЛУШІЛЕРГЕ ДЕМАЛЫС ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Тұмса табиғаты мен таза суы бар Қайыңды мен Көлсай көлдері Алматы облысының Кеген ауданына қарайды. Еліміздегі ең ірі мегаполиске жақын орналасқандықтан мұнда келушілер қарасы жыл бойы үзілмейді. Себебі, бұл аймақтарға барудың көп қиындығы да бола бермейді. Алматыдан күнделікті турлар ұйымдастырылып, туристік компаниялар бір не екі күндік сапарды жоспарлап береді. Бір күндік тур бағасы 10 мың теңгеден басталса, екі күндігі 20 мың теңгеден асады. Әдетте мұндай турлармен келушілер алдымен Шарын шатқалына барып, кейін Көлсайға беттейді. Алматы-Көлсай бағытындағы жол 2019 жылы толық жасалынып, пайдалануға берілген. 300 шақырымдық жолдан соң туристер Саты ауылына келіп тоқтайды. Бірнеше күнге сапарлап қалуды таңдайтындар үшін ауыл тұрғындары хостелдерін ұсынады. Мұндағы орташа баға бір күнге 10 мың теңгеден басталады. Оның ішіне үш мезгіл тамағы да кіреді. Одан бөлек, кафе, қонақ үй, қымыз, таудың балы секілді жарнамалар көзге оттай басылады. Ауылдан 15 шақырымдық жердегі Көлсай көлдерін тамашаламастан бұрын аумаққа кіру құны адам басына 945 теңгені құрайды. Дәл Көлсайдың аумағында бірнеше күнге қалу үшін сыйымдылығы 100 адамдық қонақ үй де бар. Екі адамға арналған жатын орынның бір күндік бағасы 40 мыңнан басталып, 100 мың теңгеге дейін барады.

Көлсай көлі жоғарғы, ортаңғы, төменгі болып бөлінеді. Төменгі Көлсайдың жолы жеңілдеу, теңіз деңгейінен 1800 метр биіктікте, сондықтан туристердің негізгі бөлігі осы жерден тоқтайды. Бұдан әрі төмен түсу үшін туристер атқа отырып бара алады. Жергілікті кәсіпкерлердің ұсынатын бағасы бойынша сағаты – 8 мың теңге. Ортаңғы және жоғарғы Көлсай теңіз деңгейінен 2280 және 2650 метр биіктікте жатыр, бұл жаққа келетіндер мінсіз сұлулықты тамашалайды. Көл суының бір ерекшелігі – әр кез тас бұлақтың суындай мұп-мұздай. Жоғарғы Көлсайға жеткендерді негізгі қызықтыратыны – қайықтар. Оның бағасы сағатына 10 мың теңгені құрайды. Баға адам басына емес, қайық үшін ғана саналады. Екі адамға да, төрт адамға да осы бағаны төлеу қажет болады. Айта кетерлігі, балаларға жеңілдіктер қарастырылмаған.

Көлсайдың тереңдігі 80 метрге дейін барады десек, мұнда 40-қа жуық қайық бір мезетте жалға беріледі. Әр қайыққа кемінде 4-5-тен адам отырса, бір уақытта көлдің бетіне 200-ден астам турист шығады. Қоқыс тастайды, көл тез ластанады. Оның үстіне қайықты жалға беретін жерде кәсіби құтқарушылар жұмыс істемейді. Тек жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, кәсіби білігі жоқ адамдар жалға беріп отырған көрінеді. Көлсай ерекше қорғалатын аумақта орналасқандықтан, қайықпен жаппай серуендеуге арналмаған. Сондықтан табиғатты сақтау үшін мұнда да Қайыңдыдағы сияқты мүлдем қайықты шектесе дұрыс болмақ.

ТУРИЗМГЕ ТҰСАУ ТҮЙТКІЛ

Басты туристік аймақтар қатарындағы Қайыңды мен Көлсайды биік тау бедері ғана бөліп жатыр. Дегенмен, Қайыңдыға қарағанда Көлсайға баруды таңдайтындардың қарасы қалың. Себебі, инфрақұрылымы дамып, интернет желісі тартылған. Ал Қайыңдыдағы туризмді жетілдіруге қатысты атқарылар жұмыс көп. Бұл жаққа да келушілер Саты ауылы арқылы жетеді.

Көлдің ортасындағы қайыңды көруге келгендердің бірі, қостанайлық Айман Ибраева мұндағы жол мәселесі отандық туризмге тұсау болып отырғанын жеткізді.

– Қайыңды көлдің сұлулығын көруге деген құштарлық Саты ауылына жетіп, ескі «УАЗ» көліктерге ауысып мінген кезден бастап, үрейге ауысады. Бұл жер Кеңес кезіндегі көліктердің музейі іспетті. Құздың бойымен жағалап жүретін көліктердің өзара жарысатыны тағы бар. Бұл жолмен сырттан келгенде Қайыңдыға бір апарып келсең, екінші біздің елге аяқ баспайтындай көрінеді. Оның үстіне түрлі төтенше жағдайдың алдын алу үшін мұнда ұялы байланыс орнату қажет. Себебі арамызда жақындарын таппай жатқан келушілер болды, – деді саяхатшы.

Қайыңды көліне жаңа жол салу мәселесі көптен бері айтылып келеді, әсіресе аталған жоба 2023 жылдың күзінде Қайыңды-Саты таулы жолында жолаушылар мінген автобус «УАЗ» көлігімен соқтығысқан қайғылы жағдайдан кейін қызу талқыланды. 2024 жылы салынуы керек болған жоба әлі жүзеге асырылған жоқ. Туристер күні бүгінге дейін ескі көліктерімен қатынауға мәжбүр. Аталмыш мәселе туралы туристік аймақтарды қорғау мақсатында құрылған «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мамандарынан сұрап білдік.

– Қайыңды көліне баратын жол 2021 жылы кеңейтіліп, жолдың беткі қабатына түзету жұмыстары жүргізілген. Саты-Қайыңды (12 км) жолын салу үшін облыстық бюджеттен биыл 1 миллиард 475 мың теңге қаражат бөлініп отыр. 2025-2026 жылдары жолды салу жоспары қарастырылған.

«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі ұсынатын қызметтер үшін келушілерден бекітілген тарифке сәйкес төлем алынады. Ұлттық парктің туристік және рекреациялық қызмет түрлерін пайдаланғаны үшін келіп түскен қаражат ұлттық парктің арнайы есеп шотына құйылады.

Ұлттық парктің штаттық кестесіне сәйкес туризм бөлімінде экскурсовод нұсқаушы бір маман бар. Парк аумағына келуші туристік фирмалар өздерінің гид мамандарымен келеді. Көлсай көлінде ұялы байланыс іске қосылған. Мобильді интернет желісі жұмыс істейді. Қайыңды көлінде электр желісінің болмауына байланысты, ұялы байланыс, интернет желілері қосылмаған, – деді өз сөзінде «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы Руслан Иманбаев.

ҚАЙЫҢДЫ КӨЛДІҢ СҰЛУЛЫҒЫН КӨРУГЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚ САТЫ АУЫЛЫНА ЖЕТІП, ЕСКІ «УАЗ» КӨЛІКТЕРГЕ АУЫСЫП МІНГЕН КЕЗДЕН БАСТАП, ҮРЕЙГЕ АУЫСАДЫ. БҰЛ ЖЕР КЕҢЕС КЕЗІНДЕГІ КӨЛІКТЕРДІҢ МУЗЕЙІ ІСПЕТТІ. ҚҰЗДЫҢ БОЙЫМЕН ЖАҒАЛАП ЖҮРЕТІН КӨЛІКТЕРДІҢ ӨЗАРА ЖАРЫСАТЫНЫ ТАҒЫ БАР



P.S: ***Жылдар бойы көтеріліп келе жатқан бұл мәселе халық үшін де жауыр болғанымен, еліміздегі туристік мекенге айналған көрікті жердің келбеті барлығын да ойландыратыны анық. Әдем табиғаты бар мұндай мекенде туристерге жақсы жағдай жасалуы керек-ақ.***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру бір ғана саланы дамыту емес, ол экономиканың, өнеркәсіптің және қоғамның дамуына түбегейлі өзгерістер әкелуі қажеттігін айтқан. Елімізде 7 миллионнан астам азамат ауылдық жерлерде тұрады. Бүгінде 6 256 ауылдың 2 045-сі ғана 4G-мен қамтылып, ол бар болғаны 33%-ды құраса, 3G-мен 45% ауыл тұрғындары қамтылған (2 813). Ежелгі 2G де есепке алынуда. Ал, 1 049 ауылда тұрақты интернет байланысы мүлдем жоқ. Жалпы кең жолақты интернетпен 4 858 (77,6%) ауыл қамтамасыз етілген.

ИНТЕРНЕТ САПАСЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Ал, Талшықты-оптикалық байланыс желілері 3 610 ауылға, яғни 58,4 пайыз елді мекенге әлі күнге дейін тартылмаған. «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасымен 2023-2027 жылдарға тек 1,5 млрд теңге қаралса, «Қазақтелеком» АҚ тарапынан 2025-2027 жылдарға инвест жоба арқылы 3 039 елді мекенге және 5 650 мемлекеттік мекемеге жоғары жылдамдықты интернет тартуға 239 млрд теңге жоспарланғанымен, тиісті қаражат қаралмаған.

Соңғы 3 жылда операторлардың жұмсаған инвестициялары керісінше төмендеуде. Мысалы, 2020 жылы 136 млрд тартылса, 2022 жылы бар болғаны 76 млрд теңгені құраған. Қазіргі уақытта интернет пен байланыс қатар дамыған заманда оның сапасының төмен болуы бірқатар салаға кері әсерін тигізуде.

Біріншіден, білім саласында ауыл мектептерінде интернеттің әлсіздігі немесе мүлдем болмауы оқушылардың цифрлық білім алу платформасына қол жеткізуге қиындық тудыруда. Электронды күнделік, тестілеу, олимпиадалар, онлайн курстар интернетсіз мүмкін емес екені белгілі. Пандемия кезінде бұл айқын байқалды. Көптеген ауыл оқушысы қашықтан оқуға қосыла алмай, тапсырмаларды қағазбен тасыды. Бұл жағдай қазір де өзгерген жоқ.

Екіншіден, денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерге қосылмаған ауылдық медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар да жетерлік. Дәрігерлер науқастың диагнозын, емделу тарихы мен дәрілік препараттар тізімдерін дер кезінде көре алмайды.

Сонымен қатар, телемедицина, яғни қашықтан медициналық кеңес алу мүмкіндігі тек интернеті бар жерлерде іске асады. Бұл, ауыл тұрғындарының екінші деңгейлі немесе мамандандырылған көмекке қол жеткізуін шектеуде.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметтер – eGov платформасы, «e-Salyq», «Kaspi», «Halyk» т. б. цифрлық сервистер бүгінде барлық азамат үшін өмір сүрудің қажетті құралдарына айналғаны анық. Интернеті жоқ ауыл тұрғындары әлі күнге дейін анықтама алу, субсидия рәсімдеу, баланы балабақшаға тіркеу, зейнетақы төлемін бақылау сияқты қызметтер үшін аудан орталығына баруға мәжбүр. Бұл, уақытты жоғалту, қосымша шығын әкелу сияқты жүйелі ыңғайсыздықтар тудыруда.

Төртіншіден, еліміздегі тіркелген 250 мыңнан аса шаруалардың GPS арқылы егін егу, дронмен тыңайтқыш себу, малдың жай-күйін онлайн бақылау, ауыл шаруашылығы техникаларын тиімді пайдалану – барлығы интернетке тәуелденіп, ол арманға айналды деуге болады. Үкімет тарапынан бұл бағытта бірнеше стратегиялық қадамдар жасалған («Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, «250+» жобасы іске асырылған болатын). 2022 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 1200-ден астам ауылға талшықты-оптикалық байланыс тартып, 2024 жылы тағы 200 ауыл қамтылады деп жоспарланған. Алайда, бұл жеткіліксіз. Кейбір жобалар тек орталық ауылдарға жетіп, шалғай, шекара маңындағы елді мекендерді айналып өтуде. Байланыс операторлары тиімділігі төмен ауылдарға барудан ашық түрде бас тартуда. Мемлекет субсидия беруге ниетті, бірақ нақты механизмдер мен құқықтық нормалар жетілмеген.

Осыған орай, ұялы байланыс операторлары әлі күнге дейін өзінің ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына антенна-діңгегін орнатуға байланысты Заңда қарама-қайшылықтар болғандықтан кедергілерге тап болуда. Атап айтқанда «Жер», «Кәсіпкерлік» кодекстеріне, «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Байланыс туралы» заңдарға тиісті өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Үкіметтен:

- Ауылдарға арналған интернет сапасы бойынша ұлттық стандарт енгізу;
- Әлеуметтік маңызы бар мектеп, амбулатория, әкімдіктерді, қызмет мекемелерін бірінші кезекте қосу;
- Байланыс операторларына нақты субсидиялау механизмдерін қайта қарау;
- Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында заңнаманы жетілдіру;
- Аудан, ауыл әкімдерінің жұмысына ауылды цифрландыру деңгейі бойынша kpi бекіту;
- Ауыл тұрғындарына арналған интернет тарифтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Халық тарапынан интернет сапасына баға беретін онлайн бақылау құралдарын енгізу;
- Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, ведомство аралық жұмыс тобын құрып, әрбір ауылдық елді мекеннің байланыс сапасына және интернетке қолжетімділікке аудит жүргізіп, нақты іс-шаралар қабылдауды сұраймыз.

Сәкен АРУБАЕВ,
Сенат депутаты

«АСТАНА ОПЕРАНЫҢ» АСУЫ

«Астана Операның» XII театр маусымы жабылды. Осы маусымда спектакльдер, концерттер мен фестивальдерге шамамен 80 мың көрермен келді.



Маусым премьераларының әрқайсысы айрықша оқиғаға айналды. Қазан айында көрермендер Антонио Вивальдидің «Қаһарлы Орландо» премьерасы арқылы барокко операсының сиқырын сезінсе, қараша айында композитор Сыдық Мұхамеджановтың 100 жылдығына орайластырылған оның «Айсұлу» комедиялық операсының ұлттық атмосферасына бойлады. Қаңтар Nomad Inspiration ұлттық бағдарламасының премьерасымен қуантты. Бұл – көне аспаптардың үні бітілімен өрнектелген HasSak этно-фольклорлық ансамблі мен балет труппасының шығармашылық үйлесімі. Көктемде Ролан Петидің «Арлезиан аруы», «Бозбала және өлім», «Кармен» туындылары ұсынылды. Ал Алтынай Асылмұратованың редакциясындағы П.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінің жаңа қойылымы маусымның шарықтау шегіне айналды.

Театр гастрольдік сапарлар аясында еліміздің және шетелдік сахналарда өнер көрсетті. Қазан айында «Астана Опера» Мәскеудегі Үлкен театр сахнасында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсын ұсынды. Көрермен қошеметі мен сыншылар пікірі труппаның жоғары кәсібилігін айшықтап, шетелде ұлттық классикамызға деген қызығушылықты айғақтады. Труппа Шымкентте өнер көрсетіп, тыңдарман қауымға отандық әрі шетелдік композиторлардың туындыларынан тұрған бағдарламаны ұсынды. Желтоқсан айында Дубайда «Щелкунчик» балеті аншлагпен өтті. Театр оркестріне маэстро Джузеппе Акуавива дирижерлік етті.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында театр әртістері Ақтөбе, Хромтау, Рудный және Павлодарда болды. Мұнда олар зауыттарда өнер көрсетіп, шеберлік сабақтарын өткізді. Көктемде Санкт-Петербордағы Dance Open беделді халықаралық фестивалі шеңберінде «Астана Опера» Ролан Петидің қойылымында Лео Делибтің «Коппелия» балетін ұсынды.

Маусымның айтулы іс-шаралар қатарын фестивальдер толықтырды. Театр ұлы композитордың мерейтойына арналған «Бах және оның замандастары» фестивалінің шымылдығын ашып, елордаға барокко көктемін сыйлады. Одан кейін гобой мен фаготқа арналған тақырыптық Double Reed жалғасты. Екі айға созылып, сахнада Қытай, Ресей, Италия, Франция, Моңғолия және т. б. елдерден келген қонақтардың басын қосқан ауқымды «Опералия» халықаралық музыкалық фестивалі өтті. Маңызды мерейтойлар да ұмыт қалған жоқ. «Ұлы Жеңіске мың тағзым!» театрландырылған концерті Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналып, онда соғыс жылдарындағы әндер шырқалды және ерлік көрсеткен батырлардың рухына тағзым етілді.

«Астана Опера» қонақтарды қарсы алды. К.Байсейітова атындағы Камералық зал сахнасында Жапония мен Италиядан келген пианистер, соның ішінде Юки Мурата мен Маурицио Биньоне өнер көрсетті. Канадалық әртіс Стив Баракатт Үлкен зал сахнасында 125 музыкант, вокалистер мен балет әртістерінің басын қосты. Қазақстанда алғаш рет Румыниядан келген «Мадригал – Марин Константин» ұлттық камералық хоры өнер көрсетіп, қазақстандық көрерменді Барокко дәуірінің музыкасы мен қазақ шығармаларын орындап таң қалдырды.

Театр маусымында өнер ошағы әртістерінің жетістіктері ерекше орын алды. Жас хореограф Сұлтанбек Ғұмар Санкт-Петербордағы фестивальде өзінің Mankurt миниатюрасын қойып, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Театр солистері Қазақстан атынан Болгария, Венгрия, Қытай, Түркия және Ресейде өнер көрсетті. Азат Мәлік Венгрия мемлекеттік опера театрында Джон Адамстың «Никсон Қытайда» операсының премьерасында басты партияны орындап, «Фальстаф» спектаклінің 10 көрсетіліміне қатысты. Ұлпан Әубәкірова – Анкарада, Анастасия Заклинская мен Серік Нақыспеков – Кремль сарайында, Салтанат Ахметова мен Бақтияр Адамжан Новосібірде өнер көрсетті. Осы қалада Б.Адамжан Светлана Захарованың гала-концертіне, кейін Анастасия Заклинскаямен бірге Санкт-Петерборда Андрис Лиепаның кешіне қатысты. Диас Құрманғазы Башқұртстан театры сахнасында «Жизель» балетінде жарқырап өнер көрсетсе, Қазан қаласында Р.Нуриев атындағы фестивальде Бақтияр Адамжан мен Шұғыла Әдепхан зор қошеметке ие болды. Б.Адамжанның өзі осы жазда және күзде Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия және Қытай елдеріне ауқымды гастрольдік турға аттанбақ. Былтыр ол Айгерім Бекетаевамен бірге өнер көрсеткен еді. Ал 7 шілде күні Осакада өткен беделді Roberto Bolle and Friends жобасында Орталық Азиядан жалғыз қатысушы ретінде жарқырап өнер көрсетті. Театр режиссері Еренбақ Тойкенов осы жазда Вена опера фестивалінде «Травиата» және «Барлық әйел осылай жасайды» қойылымдарына режиссердің ассистенті ретінде қатысуда.

«Астана Опера» балет труппасымен екі апта бойы Венгрия ұлттық балетінің (Будапешт) тәлімгер ұстазы, А.Ваганова атындағы Орыс балет академиясының түлегі, Мария театрының бұрынғы әртісі Ирина Прокофьевамен жұмыс істеді. Италия, Қытай және Кореяда жинақтаған халықаралық оқытушылық тәжірибесі бар И.Прокофьева әртістердің техникасын жетілдіруге көмектесті.

Жас әртістер үшін де бұл жылдың маңызы зор болды. Халықаралық опера академиясы үшінші маусымын аяқтап, тыңдарманы кәсіби тұрғыдан өсіп, жетістіктерімен таңғалдырды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жұпар Ғабдуллина мен Азамат Жылтыркөзовтің және Еуропа шеберлерінің жетекшілігімен олар концерттерде өнер көрсетіп, спектакльдерге қатысып, күрделі опера көріністерін, арияларын игерді. Тыңдармандар шетелдік коучтар Доната Д'Аннунцио Ломбарди, Федерико Лонги, Алессандро Бениньи, Джузеппе Акуавива, Дмитрий Вдовиннің шеберлік сабақтарына қатысуға мүмкіндік алды. Жүрекке жылу, көңілге қуаныш сыйлайтын «Туған тілде» концерті оқу жылын қорытындылады. Маусым бойы олар «Вокалдық музыка інжу-маржандары», Vivat Academia!, «Наурыз-думан» және басқа да кештерде өнерлерін паш етті. Тыңдармандар елімізде алғаш рет Винченцо Беллинидің «Капулетти мен Монтекки» операсының премьерасын ұсынды, бұл академия үшін үлкен жетістікке айналды.

Маусым лайықты марапаттар да әкелді. Желтоқсан айында «Сыншылар жүлдесі» салтанатты рәсімінде Әйгерім Бекетаева мен Арман Оразовтың еңбегі атап өтілді. Лейла Аламанова Мұқан Төлебаев атындағы вокалистер байқауының Гран-при иегері атанды. Ticketon Award сыйлығының нұсқасы бойынша «Айсұлу» операсы жыл операсы деп танылды. Сондай-ақ осы сыйлық ұйымдастырған додада Айгерім Бекетаева жыл балеринасы, Серік Нақыспеков жылдың балет әртісі, Назым Сағынтай жылдың опера әншісі деп танылды.

Театр өзінің шығармашылық жетістіктерімен қатар гуманистік миссиясына да адалдығын үнемі сақтайды. «Астана Опера» қайырымдылық жобаларын, соның ішінде аутизм туралы ақпарат беруге арналған «Күн бәріне бірдей жарқырайды» жобасын жүзеге асырды. Маусымның жан тебірентерлік бөлігі ән, күлкі мен шынайы қуанышпен көмкерілген ерекше балаларға арналған «Тұсаукесер» іс-шарасы болды.

ШЫҢҒЫСХАН БЕЙНЕСІ ҚАЛАЙ ШЫҚҚАН?

Әрдайым шығармашылық ізденіске толы, әр рөлі өзінше ерекшеленетін Жанқалдыбек Төленбаевтың қай кейіпкерін алсақ та, өзгеше. Режиссура барометрі Әзірбайжан Мәмбетовтің мектебінде шыңдалған актер қалың көрермендерін Мұқағали, Қарабай, Қалдан-Церен, Терек, Барақ сұлтан, Маман, Кеңгірбай би сынды кесекті бейнелерімен таңқалдырды.



Таптаурындылықты жаны сүймейтін, әр рөліне жауапкершілікпен қарайтын Жанқалдыбек Төленбаевтың Шыңғыс хан бейнесі де жоғарыда аталған тізімге кіреді. Думан Рамазанның «Жошы хан» тарихи драмасындағы Шыңғыс хан көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Оқиғаның байланысында актер Жанқалдыбек Төленбаев-Шыңғыс хан ақырын ғана алтын таққа жақындап келеді.

Актердің ақырын жүрісі ханға тән парасаттылықтың, биіктіктің болмысын айғақтап тұр. Бұл актердің кейіпкер ізденісіне тапқан ерекше «актерлік тетігі» деп білеміз. Шыңғыс хан таққа отырады. Аталмыш отырыс ханның ішкі ойын, келешекке деген толғанысын білдіреді. Тақтағы Шыңғыс ханның балаларына үнсіз көз тастауы – іштей әкелік мейрім мен сезімнің көрінісі. Актер Жанқалдыбек Төленбаев нұсқалауындағы Шыңғыс ханның қолға түскен тұтқындарды өлтіруі болашақты ойлаған әмірші болмысының ашылуы болды.

Тұтқындарды өлтірудің бірнеше себебі бар. Біріншіден, тұтқындарды тірі қалдырса, елге, халыққа зияны тиетінін біледі. Ол тұтқындар хан әулетіне немесе қарапайым халықтың өміріне кері әсер етуі мүмкін. Қаған ретінде Шыңғыс хан алдымен осыны ойлайды. Екіншіден, ұрпақтарының алдында тұтқындарды тірі қалдырса, онда Шыңғыс ханның осы ісін ұрпақтары да қайталап, халыққа зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан болашақ ел билеушілерінің қателікке жол бермеуі үшін осындай нақты қадамдарға барды. Актер Жанқалдыбек Төленбаев осы сәтті әсерлі бейнеледі. Астармен көрерменге ой салды.

Өнер өріндегі Жанқалдыбек Төленбаев – кемелденген актер. Оның Думан Рамазанның «Жошы хан» тарихи драмасындағы Шыңғыс хан бейнесі дала философының жарқын прототипі. Актер нұсқалаған ұлы қаған – елінің бірлігін, болашағын ойлаған кейіпкер. Жанқалдыбек Төленбаев ойынында бұл образ қатыгез билеуші емес, керісінше, бар күш-жігерін ақыл мен ойға салатын жан. Актер сомдауында Шыңғыс хан тек қана сыртқы келбеті ғана емес, сондай-ақ, ішкі жан-дүниесі де кейіпкерімен сабақтасып жатыр. Актер бейнелеуіндегі Шыңғыс хан – философ, парасатты жан. Егер ол парасатты болмаса, ақыл-ойы толыспаса, жарты әлемді жаулаған Шыңғыс хан болмас еді. Актер ханның ақылдылығын, батырлығын, даналығын сахна алаңында алып шықты. Бұл актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанқалдыбек Төленбаевтың ерекшелігі.

Актердің әр жанрдағы актерлік шеберлігі, дайындық барысындағы ізденісі, көрермен алдындағы талпынысы, бүгінгі таңдағы жас актерлерге үлгі. Сахнадағы әр кейіпкері бір-біріне ұқсамайтын дара, ерекше. Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай: «Штамп деген – қазір қазақ сахнасының негізгі дерті. Ол не деген сөз? Бірізділік, сол баяғы бір ұқсастық. Анау рөлінде де, мынау рөлінде де қолы ербең-ербең, сол баяғы дауыс, сол баяғы үн, сол қимыл, сол күлкі. Еш өзгеріс жоқ» дейді. Ал актер Жанқалдыбек Төленбаев – таптауырындылыққа (штамп) ұрынбаған актер. Үнемі ізденісті, әр кейіпкерге әртүрлі жан бітіруді жаны сүйеді. Кейіпкерлері бір бөлек әлем болатын актерге сахнадағы бейнелері азаймасын деп тілейміз!

Бахтияр ТҰРСЫН,
театртанушы

№88 (4832) 29/07/2025 Сейсенбі

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚОЗҒАҒАН

Елордадағы М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында Шығыс Қазақстан облысындағы Ассамблея жастары ұйымының жанындағы «Teatr-ALL» театрының «Qutqar meni» атты психологиялық драмасы қойылды. Қойылым Шығыс Қазақстан облысынан бастау алатын «Birligimiz jarasqan» республикалық жобасы аясында ұсынылды.



2023 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Ассамблея жастары ұйымы белсенділерінің бастамасымен құрылған театр қысқа мерзім ішінде жастардың рухани, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды шығармашылық платформаға айналды. Бүгінде театр құрамында 20-дан астам жас актер бар. Олар қоғамда өзекті болып отырған тақырыптарды сахна арқылы көтеріп, көрерменге ой салуда.



Соның ішінде «Qutqar meni» қойылымы – жастар арасындағы нашақорлық, ойынқұмарлық, отбасындағы түсініспеушілік сияқты өзекті мәселелерді қозғайтын әлеуметтік драма. Қойылым жастар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, салауатты өмір салтының маңыздылығын көрсету және қоғамда оң көзқарас қалыптастыруды мақсат етеді. Іс-шара жастарды өнер арқылы тәрбиелеудің озық үлгісін көрсетіп, азаматтық жауапкершілік пен рухани құндылықтарды насихаттайды.

Елордада спектакльді Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов тамашалады. Ол күрделі әлеуметтік мәселелерді өнер арқылы шебер жеткізе білген жас актерлерге алғысын білдіріп, олардың батылдығы мен кәсіби деңгейін жоғары бағалады. Зиянды әдеттермен күресте қоғамның бірлігі аса маңызды екенін атап өтіп, театр мен тәрбиелік жұмыстың үйлесімділігі ерекше мәнге ие екенін жеткізді. Театр ұжымына шығармашылық табыс тілеп, Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан спектакльге қатысушыларға алғыс хаттар тапсырды.

«КАРНЕГИ-ХОЛЛДА» ҚАЗАҚ ӘНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

АҚШ-тың атақты «Карнеги-холлында» қазақ әндері асқақтады. Әлемге әйгілі концерт залында өткен «Global Artists Debut Concert» кешіне арнайы шақырылған дарынды әнші Гүлзар Габдрахман халық әні «Әгугай» мен көрнекті композитор Садық Керімбаевтың «Ақерке» туындысын әуелетті.




Гүлзар Нью-Йорктегі «Карнеги-холл» сахнасына алғаш рет шықпады. Үш жыл бұрын Viva Music Carnegie Hall байқауына Қазақстан атынан қатысып, бірінші орынды иеленді. Сонда дәл осы сахнада ән шырқаған еді. Онда «Дударайды» әуелетті. Ал бұл жолы екінші рет өнер көрсетті.

Әнші жайлы айтсақ, ол – К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі. Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтының магистратурасын да бітірді. Ресей астанасында белгілі әнші, Ресей халық әртісі Лариса Долинаның шеберханасын аяқтады.

Өнер эстрада және джаз бағытын таңдаған Гүлзардың бойына ата қанымен дарыған. Атасы Игілік Омаров қазаққа аты мәлім әнші еді. Бірақ түбегейлі өнер жолын қумай, туған ауылында талай жыл мұғалім болды. Гүлзар да бастапқыда әнші боламын деп ойламады. Ақпараттандыру және журналист мамандықтарын меңгерді. Алайда өнерге құштарлығы жеңіп, осы жолға түсті. Табыссыз емес. Осы күнге дейін көптеген республикалық және халықаралық байқауларға қатысты. Мәселен, Лондонда өткен «Альбион жұлдыздары-2019» халықаралық байқауында халық әні «Япурайды» орындап, бас жүлдені иеленді.

Садық Керімбаевтың «Ақерке» туындысы (сөзін жазған Сапарғали Бегалин) «Қазақ әнінің Ақеркесі» атанған Игілік Омаровтың бойтұмар әні еді. Сондықтан Гүлзардың Нью-Йорк төрінде осы әнді орындауы бекер емес екенін айта кетейік.



ЕЛОРДАЛЫҚ СПОРТШЫ ТОП ЖАРДЫ

Сингапурда өтіп жатқан су спорты түрлері бойынша әлем чемпионатында жүзу сайыстары өтті.

27 шілдеде үш қазақстандық спортшы жарыс жолына шықты. Оның ішінде елордалық спортшы Әділбек Мусин 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзуде Қазақстан рекордын жаңартып, қашықтықты 23,33 секундта жүзіп өтті. Сөйтіп ол 18-орын иеленді. Ал, қалған екі спортшымыз Софья Сподаренко 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзуде 42-орын алса, Арсен Қожахметов 100 метрге брасс әдісімен жүзуде 45-орынмен жарысты аяқтады.

Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР**

КЕШКЕ ҚАРАЙ ЖҮГІРДІ


Астанада Winox фитнес клубының ұйымдастыруымен әуесқойлар арасындағы кешкі жүгіріс ұйымдастырылды.

Кешкі уақытта өткізілген іс-шараның басты ерекшелігі – қатысушылар қолдарына арнайы жарқырайтын неон браслетімен жүгірді. Sana Sport кешенінің маңындағы спорттық жарыста ересектер 2,5 және 5 шақырым қашықтыққа жүгірсе, 7-16 жас аралығындағы балалар 500, 1000 метр қашықтықта жүлдеге таласты.

«Жүгірісіміз «Заң және тәртіп. «Астана – есірткісіз қала» тақырыбына арналды. Есірткіге қарсы күрес – ортақ міндетіміз. Ал спорт пен белсенді өмір салты – оның ең тиімді жолдарының бірі. Клуб өкілдері мұндай бастамаларды жиі ұйымдастырып, жастар мен ересектерді жарыстарға тартып келеді. Іс-шарамыздың Sana Sport кешенінің маңында өткізілуі тегін емес. Себебі, бұл орын жақында қайта жаңғыртылды. Жасыл желекке толы, кең әрі заманауи спорт инфрақұрылымымен жабдықталған саябақта қатысушылар керемет эмоция алды деген сенімдеміз» деді Winox фитнес клубының директоры Юлия Качелаева.

Жарыс нәтижесі бойынша 5 шақырым қашықтықта ерлер арасында I орынды Бағдат Амен алды, II орын Дархан Халияровқа бұйырды, ал III орынға Бағдат Тапаев ие болды. Әйелдер арасында бұл қашықтықта I орынды Диана Алиева жеңіп алды, II орын Мөлдір Акимоваға бұйырды, III орынға Динара Кулумбетова табан тіреді. 2,5 шақырымда ерлер арасында I орынды Данияр Жакетов иеленді, II орын Дархан Сулуевқа бұйырды, ал III орын Сұңғат Сағдолдановқа тиді. Әйелдер арасында осы қашықтықта I орынды Майя Абилова жеңіп алды.

Іс-шара соңында жарысқа жиналған 50-ге жуық әуесқой спортшы арнайы естелік медальдарға ие болды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 88
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС